

Атжанова Н.Е., Айтқалиева А.С.

Челябі мемлекеттік университеті

ЖКББ МББМ Қостанай филиалының оқытушылары

НАРЫҚ – СӨЗ – ТӘРБИЕ

Көз – көңілдің айнасы десек, тіл – өмірдің айнасы. Қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды тек қана сөз арқылы түсінеміз, жеткіземіз, айқындаймыз. Қазіргі таңда әлем жұршылығының басты назарында – қаржы дағдарысы, ал кез келген дағдарыстан шығу жолы сенімділік, үміт, жігер, табандылық, еңбек.

Осыған байланысты Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауындағы өзекті мәселелердің ең бастысы отандық өндірісті қарқынды дамыту болып табылады жолдауда «Біз тауарлы – сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс – көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдастыру, ауыл шаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны терең қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыруға шешім қабылдадық. Ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату – маңызды сала. Біз қазір консервіленген жеміс – жидек өнімдерінің 80 пайызын, ет өнімдерінің жартысын, құрғақ сүттің 53 пайызын сырттан әкеліп жүрміз. Егер осының бәрін шеше алсақ – онда адамдар қаладан селодағы өнеркәсіпке жұмыс істеуге баратын болады» – деп көрсетілген [1].

Сонымен қатар Елбасы экономиканың еңбек ресурстарына деген болашақ сұраныстарын, ең алдымен, ауыл шаруашылығында қамтамасыз ету қажеттілігіне басты назар аударды және бұл мәселені отандық орта және шағын кәсіпкерлікті несиелеу арқылы шешуге болатынын атап өтті.

Баспасөз бетінде, теледидар арқылы сұхбат берген белгілі экономист ғалымдардың барлығы дерлік ауыл шаруашылығын дамыту қажет екенін атап көрсетеді. Отандық өнеркәсіптің басты салалары-

ның бірі – дәстүрлі болып саналатын мал шаруашылығы.

Атам заманнан келе жатқан төрт түлік малдың қадір - қасиеті туралы белгілі этнограф Сейіт Кенжеахметұлының еңбектерінде берілген: «Малдың қадір – қасиетін бағалай келіп, тәжірибелі малсақ халқымыз түйе – *салтанат*, жылқы – *мақтан*, сиыр – *қанағат*, қой – *қазына* деген екен. Бұл төрт түлікке берілген әділ баға» [2].

Малдың қадірін біліп, қасиетін ұғынған бабаларымыз адам есіміне де мал атауларын қосуды әдетке алған. Мысалы: Жылқыбай, Қойшыбай, Қошқарбай, Нартай, Ботакөз, Серке және т.б. Қазақ халқы балаларын *ботам*, *құлыным*, *қошақаным*, *қоңыр қозым*, *ақ тайлағым*, *тайым*, *тайлағым* деп еркелетіп, әлпештеп – аялауында да терең мән жатыр.

Сонымен, «мал» сөзінің мағынасы қазіргі заманға сай кеңейіп, құлаққа жағымды, жүрекке жылы лексикалық реңке ие болғанын атап өткеніміз жөн.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мал» ұғымы былай берілген:

1. төрт түлік үй жануарлары: мал бақты; малы күйлі.
2. дүние, мүлік, дәулет: мал – мүлкін ұлғайтты;
3. зат, тауар: малын семіртіп, базарға шығарды;
4. ауыспалы мағынада: табыс, кіріс, пайда. Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетер [3].

«Мал» атауы тұрақты сөз тіркестерінің құрамында да жиі кездеседі: мал бітті - байыды, дәулетке кенелді; мал тайды – жарлы күйге түсті, кедейленді; мал тапты – табыс кірді; мал құлағы саңырау – ешкім ести көрмесін.

Қазақ халқы ежелден іскер, пысық, еңбекқор адамды *малтапқыш*, *малжанды*, *малбаққыш*, *малсақ* деп дәріптеп отырған. Хал – жағдай сұрасқанда да «Мал – жан аман ба?» немесе «Мал – бас аман ба?» деп жатамыз.

Туыс - туғаны көп, немере, шөбере сүйген жан - жақты адамды *үбірлі – шүбірлі, малды - жанды* деп құрмет тұтамыз.

Халық даналығы, ой тереңдігі, өмірдегі құбылыстарға танымдық көзқарасы ең алдымен мақал – мәтелдерде, қанатты сөздерде орын тапқан. Көтеріп отырған тақырыпқа қатысты төмендегі нақыл сөздерді келтіруге болады: «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». «Мал баққандікі, жер жыртқандікі». «Малды тапқанға бақтыр, отынды шапқанға жақтыр». «Сауын саусаң, бие сау, боз қырау түспей суалмас». «Екі бие – ел асы, үш бие – бұлақ басы, бір бие – жоқтың қасы». «Көңілі түссе бие, көңілі түспесе түйе». «Күйгелек ат арық». «Ат – ер қанаты». «Өлкенің көркі мал болар, өзеннің көркі тал болар». «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы». «Мал ашуы – жан ашуы». «Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды». «Тұлпар тегін табар, ер жігіт елін табар». «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп». «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар». «Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды». «Жығылсаң, қой тұяғын төсейді, сиыр мүйізін төсейді, жылқы жалын төсейді, түйе шудасын төсейді». «Ат сатсаң, ауылыңмен ақылдас». «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын». «Қырықтан артық жас жоқ, қымыздан артық ас жоқ». «Жүйрік тай – құлыннан, өнер – жас ұланнан».

«Жиен ел болмас, желке ас болмас» дегенге қазақ ұтқыр жауап қайтарған: «Жиен неге ел болмайды, малды болса, желке неге ас болмайды, майлы болса».

Жоғарыда келтірілген қанатты сөздердің қай-қайсы болмасын ұлттық тәрбиенің бастауы. Олардың бәрі де жас ұрпақтың бойына жер мен елге деген сүйіспеншілікті, бірлік пен ұйымшылдықты, өнер мен білімге деген құштарлықты қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен қатар халық ұғымында әр малдың өз иесі, пірі, қорғаушысы, желеп - жебеушісі бар деп түсіндіріледі. Мысалы, жылқының пірі – *Қамбар ата*, түйенің пірі – *Ойсылқара*, сиырдың пірі – *Зең-*

гі баба, қойдың пірі – *Шопан ата*, ешкінің пірі – *Шекшек ата*.

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер. Бұл сөздер жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған: «Малды, ыдысты, тамақты теппе», «Үйді сабама, малды басқа сабама», «Ақты төкпе, нанды баспа», «Аққуды атпа», «Нанды жерге тастама, үстіне басқа зат қойма», «Адамға, малға зәбір жасама», «Асты үрлеме, асты жамандама», «Құмырысқаның ұясын бұзба», «Атқа теріс отырма», «Адамды, малды аттама», «Ер – тұрманды, бақанды аттама», «Түнде мал санама».

Мал сүтінен жасалатын тағамның әр алуандығы, құнарлығы және адам ағзасына келтіретін зор пайдасы туралы айтылып та, жазылып та жүр. Жақында теледидардан германиялық кәсіпкердің жеке ферма ашып, бие сауып, қымыз дайындаумен айналысып жүргені туралы хабар көріп, әрі таңданып, әрі сүйсініп қалдық. Бұл неміс кәсіпкерінің салауатты өмір салтына үлес қосқанын былай қойғанда, түсіретін табысы шаш етектен.

«Парасат» журналының 2008 жылғы 9-ыншы нөмірінде Қуандық Оразбекұлының ««Фермер» құдаша» атты әңгімесі жарияланды. Сөз ұғатын адамға аталған әңгіменің берер тәлім – тәрбиесі зор екенін айтпауға болмайды. Әңгіме желісі қысқаша былай: Ботакөз есімді ақылына көркі сай бойжеткен ауылдағы тойға қалыңдық жағынан құдаша болып келеді. Ботакөздің бір қиналатыны ана тілін білмейтіндігі. Өйткені ол Ресей жерінде туып – өсіп Мәскеуде жоғары білім алған екен. Бұл бойжеткеннің қазақ тілін үйренемін деген талабы, әсіресе ата – бабамыздан жеткен мол философиялық мұраны зерттеуге деген құлшынысы бар екен. Әңгіме түйіні: Ботакөз ата жұртына оралып, Астанада 40-50 шақырым жерден шағын фазенда алады. Осыған қоса бір қора мал сатып алып, 20 жүздік жерге бау егеді. Ендігі арманы – таза қазақ жігітіне тұрмысқа шығып, бес-алты баланың анасы болу.

Қорыта айтсақ, сөз қадірін терең ұғынып, сөзге тоқтап, тоқсан ауыз сөзден

тобықтай түйін түйген адам ғана нақты іске көше алады деп сенеміз.

Халық айтса, қалт айтпайды, демек: «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Тіл – көңілдің кілті», «Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді», «Жақсы сөз – жан азығы», «Көлді жел қозғайды, ойды сөз қозғайды», «Жақсы сөз жан семіртеді», «Өткен күн оралмас, құнды сөз жоғалмас».

Сондықтан, «мал» деген ұғымның нарық заманына сай жаңа реңкке ие болған мән - мағынасын қадірлейік.

ӘДЕБИЕТ

1. ДАҒДАРЫСТАН – ДАМУҒА. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы. // Қостанай таңы, 11 наурыз 2009

Бондаренко Ю.Я., к.ф.н., профессор
Костанайского государственного университета
Бондаренко О.Ю., аспирант, МГУ

ПОЛИКУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ РУССКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО АНЕКДОТА

Связь исторических реалий и литературного творчества, включая и мифологию, исследовалась и продолжает исследоваться многими маститыми авторами. Видимо, эта сфера исследовательской деятельности будет еще долго, а может быть, и практически постоянно, притягательной для ученых. Но есть один поворот темы, который, как представляется, довольно мало изучен: это не исторические и социально-психологические основы мифологически-литературных образов, ситуаций и архетипов, а наоборот, мифологические, архетипические основы форм и путей обрисовки реальных исторических событий и персонажей. Иначе говоря, тяготение лиц, описывающих реальные исторические феномены к устоявшимся образцам, уже известным эталонам, когда живая, национальная история втискивается в системы поликультурных, наднациональных образов и схем. В частности, по мнению авторов этих строк, к таковым эталонам можно отнести архетип погибающего героя, который лег в

2. Кенжеахметұлы С.. Жеті қазына. Алматы., 2004.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы., 1999.

Резюме

В настоящей статье авторы путем глубокого и всестороннего анализа слова «мал» – «скот» рассматривают вопросы переосмысления лексических единиц казахского языка в аспекте современной рыночной экономики.

Conclusion

The authors of this article study the questions of over – understanding of lexical units of the Kazakh language in the aspect of the modern market economy by the profound and detailed analysis of the word « мал» – «cattle».

основу изложения целого ряда как полусказочных, так и таких событий, которые без оговорок принято считать историческими, как, например, знаменитое фермопильское сражение трехсот спартанцев с неисчислимым персидским воинством. Рассмотрению взаимосплетений этого архетипа и собственно военной истории была уже посвящена одна из статей Бондаренко Ю., публиковавшаяся в разных изданиях и, в том числе, в книге «В лабиринтах истории», вышедшей в Костанайе в 2006 г.

В отмеченной статье особое внимание обращалось на наднациональные, поликультурные основы образцов обрисовки определенных событий и ситуаций и, соответственно, моделей поведения прославляемых героев. В этом контексте было бы небезынтересно взглянуть и на поликультурные основы русского литературного анекдота 18 – начала 19-го веков. При этом авторы не претендуют на всесторонний анализ поставленной проблемы, а лишь предлагают акцентировать